

Өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы.

(2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары жүйелі түрде өткізілетін іс-шаралар)

- 1. Өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы актінің көшірмесі.**

(актілер қосымша, ескертулер болды, олар уақытылы жойылды, айыппұл салынған жоқ)

2. Өрт қауіпсіздігі қағидалар нормаларының орындалуы.

Әрбір оқу жылы басталар алдында арнайы комиссия барлық өртке қарсы шараларды мектеп әкімшілігі сақтағанын тексереді. Мектеп ғимаратына, ішкі бөлмелерге және іргелес аумақтарға қойылатын талаптар аз емес.

Міне, негізгілері:

1. Іргелес аумақ таза, құрғақ жапырақтар үнемі жиналып, аумақтан шығарылып отырады. Мектеп аумағында от жағуға, сондай-ақ темекі шегуге қатаң тыйым салынады.
2. Ғимараттың жолдары мен кіреберістері өрт болған жағдайда құтқару қызметтері мектепке кедергісіз кіре алуы үшін әрқашан бос болуын қадағалаймыз.
3. Ғимаратта кіші мектеп оқушылары оқитын кабинеттер екінші қабаттан аспайды.
4. Эвакуациялық шығу жолдары нұсқағыш белгілермен сүйемелденіп тұр, оларға өту әрқашан ашық. Жиһаздарды орналастыру эвакуациялық шығу жолдарына немесе өрт сөндіру объектілеріне кіруге кедергі келтірмейді.
5. Барлық есіктер оңай ашылады.
6. Мектептің жалпы ауданына байланысты өрт сөндіргіштердің саны жеткілікті. Олар ғимараттың барлық қабаттарына орнатылған.
7. Барлық ғимарат дыбыстық сигнализациямен жабдықталған.

Мектепте өрт қауіпсіздігіне жауап беретіндер

Бірінші кезекте барлық мектепте өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау үшін директор жауап береді. Директор өрт қауіпсіздігіне жауапты қызметкерлерді қызметкерлер қатарынан бұйрық бойынша тағайындады.

Жауапты тұлға мектеп ғимаратына да, мекеме қызметкерлеріне де қойылатын барлық талаптарды түсіну үшін тиісті дайындықтардан өтуі керек, оқыған куәлігі бар. Өрт қауіпсіздігі бойынша қызметкер өз міндеттерін өз мойнына алады: мектепте тиісті шаралардың сақталуын қадағалайды. Мектеп кабинеттерінің дұрыс жабдықталғандығы туралы ӨҚ жауапты кабинет меңгерушісіне хабарлап отырады.

ӨҚ үшін жауапты жұмыстың тағы бір маңызды бөлігі - құжаттаманы жүргізу. Бұл қызметкер барлық қажетті құжаттардың бар болуын қадағалап мерзімді өрт қауіпсіздік нұсқаулығымен ұжымды таныстырып, арнайы

журналға қол қойдырып алады. Мектепте өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы жоспар іске асырылады. Ондағы шаралардың ішіндегі маңыздысы оқушылармен және қызметкерлермен оқыту жаттығуын жылына екі рет өткізу.



Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығына сәйкес терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастырылуы.

- 1. Хабардар ету жүйесі, турникет, дабыл түймесі, мамандырылған күзеттің болуы.**
- 2. Әрбір объектіде өткізу және объектішілік режимдерді ұйымдастыру тәртібінің болуы және орындалуы.**

1. Хабардар ету жүйесі, турникет, дабыл түймесі, мамандырылған күзет:

Хабардар ету жүйесі толық жабдықталған, турникет, дабыл түймесі бар. Мектепте мамандырылған күзет, ол қызметті ЖШС «Охранная фирма Базис-2016» атқарады